

АДАМ САУДАСЫ ҚҰРБАНЫ БОЛМАУ ЖОЛДАРЫ

- ✓ Кездейсоқ немесе таныс адамдардың шетелдегі жұмыс, оқу немесе неке туралы қызықтыратын ұсыныстарынан аулақ болыңыз. Ешбір жағдайда өз құжаттарыңызды ешкімге сеніп тапсырмаңыз.
- ✓ Әдетте, жылдам, оңай және үлкен табыс туралы ұсыныстар шындыққа сәйкес келмейді. Шынайы ойлау керек.
- ✓ Сізді шетелге шақыратын фирмалардың және олармен сол жерде қызметтесетін делдалдардың (туристік, неке, жұмысқа орналастыру және оқуды ұйымдастыру бойынша) қызметінің заңды екеніне көңіл қойыңыз. Ғаламторда шақырушы фирманың мекенжайын тауып алыңыз.
- ✓ Күдікті, шала таныс жеке тұлғалардан ақшаны қарызға алушы болмаңыз. Қарызды беру мен қайтару шарттарын бірден уағдаласыңыз.
- ✓ Сапарға шықпас бұрын өзіңіздің жолға шығуыңыз, мекендеу жеріңіз және байланыс телефондарыңыз туралы туыстарыңызға, достарыңызға хабарлаңыз.
- ✓ Өзіңіздің төлқұжатыңыздың бірнеше ксерокөшірмесін жасап, әр түрлі жерлерге тығып қойыңыз. Олар туралы ешкімге айтудың керегі жоқ. Егер сізден төлқұжатты тартып алса, немесе сіз оны жоғалтып алсаңыз, осы көшірмелер сізге үйге оралуыңызға көмектеседі.
- ✓ Консулдық есепке тұрып, елшілікпен немесе консулдықпен тұрақты байланыс жасап тұрыңыз.

Егер сіз қиын жағдайға ұшырасаңыз немесе сізде проблемалар пайда болса, сіз көмек алу үшін **11616 жедел желі нөмірі** және/немесе **102 полиция нөмірі** бойынша; сіздердің елдеріңіздің Дипломатиялық өкілдіктеріне (Елшіліктер мен Консулдықтар); сіз болған өңірдегі қоғамдық ұйымдарға жүгіне аласыздар.

Егер сіз шетелде болған ҚР азаматы болсаңыз, Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері туралы ақпаратты ҚР СІМ-нің www.mfa.gov.kz сайтында таба аласыз. Сондай-ақ, күтпеген жағдай орын алған кезде **ҚР СІМ жедел желісі бойынша қоңырау шала аласыз** — Кезекші дипломат **+7 (7172) 72 01 11** (түнгі уақытта және демалыс күндерінде).

Қазақстаннан сапарға шықпас бұрын, **11616 жедел желі телефоны бойынша кеңес алыңыз.**



USAID
АМЕРИКА ХАЛҚЫНЫҢ АТЫНАН



ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫ МЕН
МИГРАНТТАРҒА АРНАЛҒАН

КАРТОЧКА



ҚЫЛМЫСКЕРЛЕР ӨЗДЕРІНІҢ ҚҰРБАНДАРЫН ҚАЛАЙ ҚАНАЙДЫ ЖӘНЕ БАҚЫЛАП ТҰРАДЫ

Қылмыскерлердің негізгі мақсаты — құрбандарды қанаудан үстеме табыс алу. Олар өздерінің «жұмсалымдарын» сақтап қалуға тырысады, атап айтқанда — құрбандардың қарсылық көрсетулеріне немесе қашып кетулеріне жол бермейді.

**ЖЕКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ ҮЙЛЕСТІКТЕ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ӘР
ТҮРЛІ ҚҰРБАНДАРДЫ БАҚЫЛАУ МЕХАНИЗМДЕРІ БАР:**

1



Борыштық құлдыққа айналдыру. Мысалы, құрбаннан оның орнын ауыстыруына, тамағына және мекендеуіне жұмсалған соманы қайтаруды талап етеді. Берешекті еңбекпен өтеу орнына, «қарыз» сомасы өседі, ал құрбан қаналудан құтыла алмайды. Сондай-ақ, құрбанды бақылап отыру үшін оның қайтарылмаған қарызының бар болуы пайдаланылуы мүмкін.

2



Оқшаулау мен құжаттарды тартып алу. Құрбандардан олардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тартып ала отыра, қылмыскерлер оларға өз елдеріне немесе басқа жерге кетіп қалуға мүмкіндік бермейді. Қанаушылар өз құрбандарын өздерінің полициямен тығыз байланысы бар екендігіне және оған көмек алу үшін жүгінудің мәні жоқ екендігіне сендіреді.

3



Зорлық-зомбылық пен қорқыныш. Өз құрбандарын бағыныштылыққа ұстап тұру үшін құлсатарлар оларды зорлайды, соққыға жығады, азаптайды, олардың есірткітәуелділігін тудырады, басқа құрбандардан оқшаулайды, тамақ пен судан айырады, оларды туыстарының алдында масқараумен немесе полицияға заңсыз тұлғалар ретінде тапсырумен қорқытады.

4



Жат елде заңсыз болу, ұят пен оқшаулау — құрбандардың олардың қанаушыларынан тәуелді етіп, олардың құқық қорғау органдарына көмек алу үшін жүгінуден бас тарту үшін мәжбүрлеу мақсатында қолданылатын механизмдер.

5



Құрбандарды туыстарына зиян келтірумен қорқыту. Қылмыскерлер құрбандар отбасыларының мүшелері туралы ақпарат жинайды және құрбандар бағынбаса немесе қашып құтылуға талпынатын болса, оларға зиян келтіреміз деп қорқытады.



ШЕТЕЛДІКТЕР МЕН ЕҢБЕК МИГРАНТТАРЫНА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕ

АДАМ САУДАСЫ ҚҰРБАНЫ БОЛМАУЫНЫҢ ЖОЛДАРЫ

АДАМ САУДАСЫМЕН КҮРЕСУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ:

- 1 «Қазақстанның Дағдарыс орталықтары одағы» заңды тұлғалар бірлестігі, Алматы қ., тел.: +7 727 3764037, soyuzkz@rambler.ru;
- 2 «Родник» әйелдер мен балаларға арналған әлеуметтік-психологиялық орталығы» қоғамдық қоры, Алматы қ., тел.: +7 727 3961938, факс: +7 727 3964240, rodnik27@yandex.ru;
- 3 «Мейірім» қоғамдық бірлестігі, Ақтау қ. және Маңғыстау облысы, тел.: +7 7292 545168, ale43351@yandex.ru;
- 4 «Дәріс ақпараттық кеңес беру орталығы» жекеменшік мекемесі, Ақтөбе қ. және Ақтөбе облысы, тел.: +7 705 8200933;
- 5 «Малика» дағдарыс орталығы, Ақтөбе қ. және Ақтөбе облысы, тел.: +7 707 9863460;
- 6 «Шағын кәсіпкер-әйелдерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігі, Қызылорда қ. және Қызылорда облысы, тел.: +7 7242 278316, eleusizs@mail.ru;
- 7 «Қорғау» жеке қоры, Нұр-Сұлтан қ. және Ақмола облысы, тел.: +7 7172 306073, 1409, korgau_astana@mail.ru;
- 8 «Әйелдерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігі, Петропавл қ. және Солтүстік Қазақстан облысы, тел.: +7 7152 529886, alinaorlova@rambler.ru;
- 9 «Талдықорған аймақтық әйелдерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігі, Талдықорған қ. және Алматы облысы, тел.: +7 7282 244631, womencenter@mail.ru;
- 10 І «Әлеуметтік позиция» қоғамдық қоры, Тараз қ. және Жамбыл облысы, тел.: +7 777 6844647 919610, Kaliyeva.asiya@gmail.com;
- 11 «Қайсар» қоғамдық қоры, Теміртау қ. және Қарағанды облысы, тел.: +7 7213 919610, tara_32@mail.ru;
- 12 «Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы» қоғамдық ұйымы, Орал қ. мен Батыс Қазақстан облысы, тел.: +7 7112 508229, + 7 777 2467500;
- 13 «Аймақтық әйелдерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігі, Орал қ. мен Батыс Қазақстан облысы, тел. + 7 778 0008711;
- 14 «Дамыту» қоғамдық қоры, Қостанай қ. мен Қостанай облысы, тел.: +7 7772788754;
- 15 «Феникс» оңалту және бейімделу орталығы, Өскемен қ. және Шығыс Қазақстан облысы, тел.: +77232522942, nazigul_ahmetkal@mail.ru;
- 16 «"Сана сезім" әйелдер бастамаларының құқықтық орталығы» қоғамдық бірлестігі, Шымкент қ. және Түркістан облысы, тел.: +7 708 4789663, ngosanasezim@rambler.ru.

ОСЫ БАҒЫТ БОЙЫНША ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ӨЗГЕ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР:

- 17 «Халықаралық Құқықтық Бастама» жеке қоры, Алматы қ., тел.: +7 701 5168787, ilifoundationkz@gmail.com;
- 18 «Жыныстық және репродуктивтік денсаулық жөніндегі Қазақстан қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің Қостанай филиалы, Қостанай қ., тел.: + 7 7142 532235;
- 19 «Право» жеке қоры — «Көмек» Адам саудасы құрбандарының уақытша мекендеу орталығы, Нұр-Сұлтан қ., тел.: +7 7172 306073;
- 20 «Қадір Қасиет» қоғамдық бірлестігі, Нұр-Сұлтан қ., тел. +7 717 2457621, +7 771 9997170.



АДАМДАРДЫ САУДАҒА САЛУ — БҰЛ ЕРІКСІЗ ЕҢБЕК, ЖЕЗӨКШЕЛІК ПЕН ҚАЙЫРШЫЛЫҚҚА МӘЖБҮРЛЕУ.

АДАМ САУДАСЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ:

- ✓ өз еркіне қарсы жұмыс (соның ішінде, жезөкшелік пен қайыршылық);
- ✓ жұмыстан шығу мүмкіндігінің жоқтығы;
- ✓ қозғалысын бақылау;
- ✓ өздеріне, отбасы мүшелеріне немесе жақын туыстарына қатысты зорлық-зомбылық жасау немесе онымен қорқыту;
- ✓ төлқұжат жұмыс берушінің қолында;
- ✓ нашар жағдайлардағы жұмыс;
- ✓ еңбекпен табылған қаражатты алу мүмкіндігінің жоқтығы;
- ✓ ұзақ уақыт бойы қызмет уақытынынан тыс жұмыс;
- ✓ демалыс күндерінің жоқтығы;
- ✓ нашар немесе талаптарға сай келмейтін жағдайларда тұру;
- ✓ медициналық қызмет көрсетуге қолжетімділіктің жоқтығы.

Индет пен карантин жағдайларында саудагерлер әлеуметтік желілер мен ғаламторды белсенді пайдалана отыра, жалдау мен орын ауыстыру әдістерін «жетілдіруде». Сондықтан, ұсынылатын жұмыс туралы ақпаратқа зейін қою қажет.

МИГРАНТТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

ҚҰҚЫҚТАРЫ

- Қазақстан азаматтары сияқты құқықтар мен бостандықтарды пайдалану;
- білім, медициналық және әлеуметтік көмекті алу;
- некелік және отбасылық қатынастар құқығына, тұрғын үйге, абырой мен қадір-қасиетке қол сұқпаушылық құқығына ие болу;
- мигранттардың келіп кетуіне ашық Қазақстанның аймағында еркін жүру;
- тұрғылықты мекендерді еркін таңдау;
- сотқа және мемлекеттік органдарға жүгіну.



ҚАЗАҚСТАНҒА КІРГЕН КЕЗДЕ, СІЗ МЫНА АҚПАРАТТЫ БІЛУГЕ ТИІСТІСІЗ:

Өз төлқұжатыңызды ешкімге сеніп тапсырушы болмаңыз. Сіздің жеке басыңызды растайтын құжаттар тек сізде болулары тиіс.

Туыстарыңызға немесе жақындарыңызға егжей-тегжейлі ақпаратты қалдырыңыз: сіздің қонысжайыңыздың телефондары мен мекенжайы, сондай-ақ шетелдік төлқұжат пен еңбек шартының көшірмесі.

Төлқұжаттың бірнеше ксерокөшірмесін жасап, әр түрлі жерлерге тығып қойыңыз. Олар туралы ешкімге айтудың керегі жоқ. Егер сізден төлқұжатты тартып алса, немесе сіз оны жоғалтып алсаңыз, осы көшірмелер сізге үйге оралуыңызға көмектеседі.

Мемлекеттік шекараларды еш уақытта жалған құжаттармен кесіп өтуге талпынушы болмаңыз.

Қазақстандағы сіздің мемлекетіңіздің Елшілігі немесе Консулдығының, сондай-ақ қорқытулар, мәжбірлеулер немесе алаяқтық жағдайларында сізге көмек көрсететін халықаралық немесе үкіметтік емес ұйымдардың телефондарын тауып алыңыз. Сіз оларға жүгінген жағдайда ғана, елшіліктер мен консулдықтар сізге көмек көрсете алатынын есіңізде сақтаңыз.

Өзіңізде мобильді телефонның бар болуы қажет.

Мүмкін болса, өзіңізбен бірге қайту билетін сатып алуға қажетті ақша сомасын алып, оны ешкім таба алмайтындай тығып қойыңыз. Бұны тіпті сізбен бірге жолға шыққан адамдардан да сыр қылып сақтаңыз. Әдетте, адамдар шағын топтармен жіберіледі, бірақ сізде қайту билетіне ақшаның бар екендігін олар білмеуі тиіс.

Көмекті полиция, прокуратура, әкімдіктер, ауруханалар, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар (дүкендер, супермаркеттер, ауруханалар, вокзалдар мен әуежайлар) көрсетуі мүмкін.

МІНДЕТТЕРІ

- мигранттар Қазақстан азаматтарына белгіленген міндеттерді атқарады;
- мигранттар Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын, соның ішінде, белгіленген Қазақстанға кіру, Қазақстаннан кету және Қазақстанда болу тәртібін сақтауға міндетті.

БІРНЕШЕ КЕҢЕС:

- ✓ адамдардың аты-жөндерін, автокөліктер нөмірлері мен ғимараттардағы жазбаларды **есте сақтап отырыңыз** (бұл деректерді полицияға хабарлау үшін қажет);
- ✓ егер сіз **қашып құтыла алған болсаңыз**, көмек алу үшін сенім тудыратын адамдарға және үкіметтік емес ұйымдарға жүгініңіз;
- ✓ егер сіз **босана алған болсаңыз**, құтылу мүмкіндігі шуылды пайдалана (кез келген тәсілмен) өзіңізге көңіл аударатын жағдайда пайда болады — қылмыскерлердің шуылдан қорқатынын есіңізде сақтаңыз;
- ✓ Қазақстанда егер бұл әрекеттер зардап шегушілермен оларды саудаға салуға байланысты орындалған болса, заңсыз миграция, мемлекеттік шекараны заңсыз қасақана кесіп өту, қуып шығару туралы шешімді орындамау, елде болу ережелерін бұзу, жалған құжаттарды пайдалану, еңбек қызметін заңсыз жүзеге асыру үшін жазалау қолданылмайды.
- ✓ **есіңізде болсын**, егер сіз адам саудасынан зардап шеккен болсаңыз, сіздің өтемақы алуға арыз беруге құқығыңыз бар;
- ✓ **арыз жазыңыз да**, орын алған оқиғаның егжей-тегжейін жазыңыз: кім, қашан және қайда, қандай жағдайларда сіздің құжаттарыңызды тартып алды, алынған құжаттар қай жерде жатыр;
- ✓ сізді жұмысқа орналастырған және құжаттарыңызды алып алған тұлғаның орналасқан жерін жан-жақты **көрсетіңіз**;
- ✓ егер сіз мекендейтін мемлекеттің тілін білмесеңіз, сіздің көмек алу үшін өз ана тіліңізде жүгінуге құқығыңыз бар;
- ✓ құжаттардың тәркіленуі туралы **хабарлаңыз** және өз дербес деректеріңізді (аты-жөніңізді, туған күніңізді, елге кіру күніңізді, төлқұжат сериясы мен нөмірін және өзге ақпаратты) көрсетіңіз.
- ✓ осы жағдай туралы **11616** жедел желісінің нөмірі және / немесе **102** шұғыл жәрдем нөмірі бойынша хабарлаңыз.
- ✓ сіз болған аймақтағы дипломатиялық өкілдіктерге және қоғамдық ұйымдарға жүгініңіз.



АДАМ САУДАСЫНА
ТАП БОЛСАҢЫЗ,
НЕ ІСТЕУ КЕРЕК

11616 шұғыл желісіне немесе 102
телефонына қоңырау шалыңыз.




USAID
АМЕРИКА ХАЛҚЫНЫҢ АТЫНАН



WINROCK
INTERNATIONAL

ЖАЛПЫ ЖАДЫНАМА

АДАМ САУДАСЫ ТУРАЛЫ
БІЛУ НЕЛІКТЕН МАҢЫЗДЫ?



ШҰҒЫЛ ЖЕЛІ НӨМІРІ

11616

ПОЛИЦИЯ НӨМІРІ

102



БҰҰ Палермо хаттамасына сәйкес «Адам саудасы» қорқыту немесе күш қолдану немесе мәжбүрлеудің басқа түрлері, кісі ұрлау, алаяқтық, алдау, билікті асыра пайдалану немесе жағдайдың әлсіздігін пайдалану не болмаса басқа адамды бақылайтын адамның келісімін алу үшін оған ақша төлеу немесе пайда түсіру түріндегі пара беру арқылы эксплуатация мақсатында жүзеге асырылатын адамдарды тартуды, тасымалдауды, табыстауды, жасыруды білдіреді. Эксплуатация соның ішінде басқа тұлғалардың жезөкшелік эксплуатациясын немесе жыныстық эксплуатацияның басқа да түрлерін, зорлық немесе мәжбүрлі еңбекті немесе қызметтерді, құлдықты немесе құдыққа ұқсас дәстүрлерді, еріксіз күйді және органдардың алынып тасталуын қамтиды.



ТӨМЕНДЕГІ БЕЛГІЛЕРГЕ КӨҢІЛ АУДАРЫҢЫЗ:

- ✓ адамдардың қозғалу және сөйлесу еркіндігінің шектеу;
- ✓ құжаттардың (паспорт, жеке куәлік) болмауы; құрбан туыстарымен қарым-қатынастың және қаражатты басқарудың бақылауда болатынын көрсетеді;
- ✓ жүйке және физикалық әлсіреу іздері;
- ✓ құрбан эксплуатация барысында ұшыраған зорлық-зомбылық, азаптау, жазалау іздері;
- ✓ бағынышты немесе қорыққан болып көріну;
- ✓ байланыс орнатуды қаламау;
- ✓ жыныстық ориентацияны немесе жыныстық ұсынысты баса назар аударатын киім, сыртқы түр немесе мінез-құлық элементтері (коммерциялық секс жұмыскерлерінің гардеробы мен атрибуттары);
- ✓ жақын болып табылмайтын кісілердің кәмелетке толмаған адамды үнемі сүйемелдеуі мен бақылауының айқын белгілері;
- ✓ тексерулер мен рейдтер жүргізу кезінде құрбандар полициямен, еңбек инспекциясымен және техникалық қадағалау органдарымен байланысудан кез келген жолмен аулақ болады. Адам саудасының құрбандары жасырылады немесе объектінің сыртына шығарылады.



- Сіз қайдан келдіңіз/Қайда бет алдыңыз?
- Сіз қандай мақсатпен елден кетіп бара жатырсыз/елге келдіңіз?
- Сіз қайда тұратын боласыз? Қай мейманханада? Қай қалада?
- Сіздің қайда барып қайтқыңыз келеді? Сіз қандай болса да экскурсияларды жоспарлайсыз ба?
- Сіз мейманханада нөмір брондап қойдыңыз ба? Неше түнге? Ол төленген бе?
- Кім брондады және Сіздің билеттеріңіздің ақысын төледі? Олар қанша тұрды? Бұл қашан және қайда болды?
- Сіз неге осы адаммен бірге саяхаттап жүрсіз? Шығындарды кім төлейді? Сіз шығындарды бір-біріңіздің арасында қалай бөлесіз?
- Сіздің қайту билетіңіз қайда? Сіз қашан оралуды жоспарлап отырсыз? Қай әуежайдан?
- Сізбен бірге кім саяхаттап жүр? Оның аты кім? Сіз онымен қайда таныстыңыз? Сіз бұл адамды қайда алғашқы рет кездестірдіңіз? Сіз неге осы адаммен бірге саяхаттап жүрсіз?
- Сіз оны жақсы білесіз бе? Сіз осы адамға сене аласыз ба?
- Неге Сіздің төлқұжатыңыз осы адамда?
- Неге осы адам шекаралық бақылауда Сіздің құжаттарыңызды көрсетеді?



МАҢЫЗДЫ ЗАТ— болуы мүмкін құрбан жалғыз болуы тиіс

Сіздің қауіпіңіз расталған болса, болуы мүмкін құрбанмен әңгімені өткізу қажет. Әңгіменің алдында өз басшылығыңызға және ҚР ҰҚК Шекаралық қызмет қызметкеріне осы қажеттілік туралы хабарлаңыз.

ӘҢГІМЕНІ ӨТКІЗУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

- ИНТЕРВЬЮ УАҚЫТЫНДА «ЗИЯН КЕЛТІРМЕ» ҚАҒИДАСЫН ҰСТАНЫҢЫЗ. БҰЛ ҚАҒИДА АДАМ САУДАСЫНЫҢ ӘЛЕУЕТТІ ҚҰРБАНЫНА ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАУДЫ ЖӘНЕ СҰРАҚ ҚОЙЫЛАТЫН ТҰЛҒАНЫ ЖАРАЛАМАЙТЫН ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ КҮЙІН НАШАРЛАМАЙТЫН СҰРАҚТАРДЫ ҚАМТИДЫ.
- ҮЗІЛІС ЖАСАҢЫЗ.
- ӘҢГІМЕНІ ӨТКІЗУ ҮШІН ОРЫН ТАҢДАП, «МАЗАЛАУҒА БОЛМАЙДЫ» БЕЛГІСІН ІЛІП ҚОЙЫҢЫЗ.
- ӘҢГІМЕНІҢ ҚҰПИЯЛЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІҢІЗ (БАҚ МЕН ӘРІПТЕСТЕРІҢІЗДІҢ ҚАТЫСУЫН БОЛДЫРМАҢЫЗ).
- АДАМНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫН АНЫҚТАП АЛЫҢЫЗ.
- ӨЗІ ТУРАЛЫ, СОНДАЙ-АҚ ОНЫҢ ОСЫндай жағдайға қалай душар болғанын айтып беруін сұраңыз.
- ОСЫ жағдайдың түрлі аспектілері туралы АҚПАРАТ жинаңыз.
- ҚАЗІРГІ жағдайдың қауіптілік деңгейін анықтаңыз.
- АДАМДАР САУДАСЫНЫҢ (ЫҚТИМАЛ) БЕЛГІЛЕРІНЕ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ.
- ҚАЖЕТ БОЛСА, ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРЫҢЫЗ.
- КӨМЕК КӨРСЕТЕТІН ЖЕРГІЛІКТІ ҚЫЗМЕТТЕРМЕН НЕМЕСЕ ҰЙЫМДАРМЕН 11616 НЕМЕСЕ 102 ТЕЛЕФОНЫ БОЙЫНША БАЙЛАНЫСЫҢЫЗ.



ШҰҒЫЛ ЖЕЛІ НӨМІРІ

11616

ПОЛИЦИЯ ТЕЛЕФОН НӨМІРІ

102



USAID
АМЕРИКА ХАЛҚЫНЫҢ АТЫНАН



WINROCK
INTERNATIONAL

АВИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ҚЫЗМЕТІНІҢ (САБ) МЕН ЖЕР ҮСТІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН АДАМ САУДАСЫНА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕ





БҰҰ Палермо хаттамасына сәйкес «Адамдарды сату» пайдалану мақсатында адамдарды күш қолданамын деп қорқыту немесе оны қолдану немесе мәжбүрлеудің, ұрлаудың, алаяқтықтың, алдаудың, билігін асыра пайдаланудың немесе жағдайының осалдығын пайдаланудың басқа нысандары арқылы не басқа адамды бақылайтын адамның келісімін алу үшін төлемдер немесе пайда түрінде параға сатып алу арқылы жүзеге асырылатын арбауды, тасымалдауды, тапсыруды, жасыруды білдіреді. Пайдалануға, кем дегенде, басқа адамдардың жезөкшелігін пайдалану немесе нәпсіқұмарлық пайдаланудың басқа нысандары, мәжбүрлі еңбек немесе қызметтер көрсету, құлдық немесе құлдыққа ұқсас әдет-ғұрыптар, бағынышты жағдай немесе органдарды кесіп алу кіреді.

Адам саудагерлері болуы мүмкін құрбандарын тасымалдау үшін әуежайларды сапарға шығу немесе транзитті жер ретінде пайдаланады және кәдімгі сапаршылар болып көрінуі мүмкін.



АДАМ САУДАСЫ ҚҰРБАНДАРЫНЫҢ ОРТАҚ БЕЛГІЛЕРІ

1. Бақылау органдарымен қатынасудан қашқақтау талпыныстары (басқа жолаушылар ағынынан бөлек қозғалыс, бейнебақылау камераларының қамтуынан тыс жерлерді іздеу және т.б.).
2. Топ құрамында келу, бірақ шекаралық бақылау кезінде өзін жеке саяхаттаушы ретінде таныстыру.
3. Адамдардың, мысалы әр түрлі кезектерде тұру арқылы, бір-бірімен таныс емес екендігін көрсету.
4. Жүріс-тұрысындағы түсініксіз белгілер (мысалы, шамадан тыс бағыныштылық, өз-өзіне аса сенушілік, тым өткір қабылдау, қорқыныш, орынсыз мимика және ишарат және т.б.).
5. Өте селкос жүріс-тұрыс, әсіресе тұлға топ көшбасшысынан/делдалдан бөлінген болса, топтық өзара әрекеттесудің жоқтығы, адамның бақылауында болудың белгілері: біреудің нұсқаулары бойынша қимылдайды, басқа тұлғаға өз атынан сөйлеуге ерік береді, біреудің сөздік және бейсезімдік сигналдары бойынша қимылдайды және т.б.
6. Көзге тұра қараудан және әлеуметтік өзара әрекеттестіктен қашқақтау.
7. Қатыгез қарым-қатынас, өзіне зиян келтірудің немесе есірткілерді тұтынудың белгілері бар болса.
8. Лайықсыз киімі немесе саяхат бағдарына немесе ауа райына сәйкес келмейтін сыртқы келбеті.
9. Жасы, жынысы, киімі, багажы және адам саудасының және қанаудың (еңбек, жыныстық және т.б.) белгілі нысанының (болуы мүмкін) құрбаны бейініне сәйкес келетін кез келген өзге заттар.



10. Құжаттардың жоқтығы немесе олардың басқа тұлғада болуы (төлқұжат, билеттер, ақша, шақыру және т.б.).
11. Жеке басын куәландыратын жалған құжаттарды көрсету (бөлкім, біреудің көмегімен).
12. Шағын, әдеттегіден тыс немесе тіркелмеген багаж.
13. Мәлімделген отбасылық мәртебесі және/немесе өзге қатынастар күдікті тудырады (мысалы, жастың айырмашылығы қысқа уақыт кезеңінде туылған балалардың санның көп болуы және т.б.).
14. Өзі туралы жеке деректерді айта алмауы (туған күні/жасы, мекендеу орны, үй, жұмыс немесе өзге мекенжайлары).
15. Сапардың мақсаттары және оған қатысты ақпараттың толық жоқтығы немесе жетіспеушілігі.
16. Оның өз еліндегі (өңіріндегі, жеріндегі) ауыр жағдай.

АДАМ САУДАСЫНЫҢ БОЛУЫ МҮМКІН ҚҰРБАНЫН АНЫҚТАҒАН КЕЗДЕГІ ӘРЕКЕТТЕР РЕТІ

- ☒ Құрбанды болуы мүмкін қылмыскерлерден оқшаулаңыз – күдіктіні тексеру залына шығарыңыз;
- ☒ ІІБ кезекшісіне анықталған факт туралы хабарлаңыз – 102 нөмірі бойынша қоңырау шалыңыз немесе 11616 сенім телефоны бойынша хабар беріңіз.
- ☒ Тексеру залында қысқа сұрақтар тізімін сұраңыз. Мысал сұрақтарды төменде қараңыз:

ҚҰРБАНДАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚҰЛЫҚ ЖАСАУДЫҢ ЕҢ ТАРАҒАН ТӘСІЛДЕРІ:

- Құрбанның паспорты және жол жүру құжаттары алынады.
- Құрбанды оқшаулау, қозғалысын қадағалау.
- Құрбанның өзін-өзі бағалауын төмендету және ерік күшін басу үшін қорлау және физикалық зорлық-зомбылық қолдану.
- Егер құрбанды қашуға тырысса, зорлық-зомбылықпен қорқыту, егер ол билік органдарына жүгінсе, елден шығарып немесе түрмеге отырғызып қорқыту, туыстары мен достарына күш қолданып қорқыту.
- Құрбанның туыстарына адам саудасы құрбанының шын мәнінде не істеп жатқандығы (жезөкшелік) туралы хабарлап қорқыту.
- Шетелге шығу кезінде не білуіңіз керек?
- Паспортыңызды ешкімге бермеңіз. Жеке басын куәландыратын куәліктер әрқашан өзіңізбен бірге болуы керек. Ұлттық шекараны жалған құжаттармен өтуге болмайды.
- Паспортының бірнеше фото көшірмесін жасап, оларды әртүрлі жерге жасырып қойыңыз. Олар туралы ешкімге айтпауыңыз керек. Паспортыңызды алып кетсе немесе оны жоғалтсаңыз, бұл көшірмелер үйге оралуға көмектеседі.
- Туыстарыңызға немесе достарыңызға толық ақпаратты қалдырыңыз: телефон нөмірлері мен тұратын жеріңіздің мекенжайы, сондай-ақ паспорттың және еңбек шартының көшірмесі.
- Мүмкін болса, қайтуға билет алуға қажетті ақшаны өзіңізбен бірге алып, оны ешкім таба алмайтындай етіп жасырыңыз. Мұны тіпті бірге жүрген адамдардан да жасырыңыз. Әдетте, адамдарды шағын топпен жібереді, бірақ олар қайтуға билет алуға қажетті ақшаңыздың болуын білмеуі тиіс.
- Қазақстан Республикасы елшілігінің немесе консулдығының, сондай-ақ қорқыту, мәжбүрлеу немесе алаяқтық жағдайларында сізге көмектесетін халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың телефон нөмірлерін табыңыз.
- Полицияда, прокуратурада, ауруханаларда, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда, сондай-ақ қоғамдық орындарда (дүкендерде, супермаркеттерде, вокзалдарда және әуежайларда) көмек көрсетілуі мүмкін.
- Жаныңызда мобильді телефоныңыз болуы керек.

ҚИЫН ЖАҒДАЙДАҒЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ АЛГОРИТМІ:

- ✓ Адамдардың аты-жөнін, автомобиль нөмірлерін және объект атауларын (кейін бұл деректерді полицияға хабарлау үшін) **ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ**;
- ✓ **ҚАШЫП КЕТЕ АЛСАҢЫЗ**, дүкен сатушысынан, форма киген кез келген адамнан, полицейден көмек сұраңыз;
- ✓ **ҚҰТҚАРЫЛА АЛСАҢЫЗ**, кез келген жолмен шу көтеріп, өзіңізге назарыңызды аудара алсаңыз, сіздің құтқарылу мүмкіндігіңіз артады — есіңізде болсын, қылмыскерлер шудан қорқады.
- ✓ Егер сіз адам саудасының құрбаны болсаңыз, сізге өтемақы төленетінін, ал егер сіз адам саудасының құрбаны деп танылған болсаңыз, Қордан өтемақы алуға құқылы болатыңызды **БІЛІҢІЗ**.
- ✓ **АРЫЗ ЖАЗЫП**, не болғанын, кімнің, қашан, қай жерде және қандай жағдайда құжаттарыңызды алып кеткендігі және қазіргі уақытта олардың қай жерде екендігі туралы толық ақпарат беріңіз.
- ✓ Сізді жұмысқа алып келген және сізді жұмыс істеуге мәжбүр еткен адамның орналасқан жерін толық **КӨРСЕТИҢІЗ**.
- ✓ Құжаттарды алып қойғандығы туралы **ХАБАРЛАП**, жеке деректеріңізді көрсетіңіз (аты-жөні, туған күні, елге келген кезіңіз, паспорттың сериясы мен нөмірі және басқа да ақпарат).
- ✓ Осы жағдай туралы **11616 шұғыл желі нөміріне** және/немесе **102 полиция нөміріне** немесе сіз тұрған аймақтағы дипломатиялық өкілдіктерге, үкіметтік емес ұйымдарға хабарлаңыз.
- ✓ Егер сіз шетелде болсаңыз, Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері туралы ақпаратты **Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің www.mfa.gov.kz** сайтынан таба аласыз. Сонымен қатар күтпеген жағдайлар туындаған жағдайда, сіз қоңырау шала аласыз **Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шұғыл желісіне хабарлай аласыз Кезекші дипломат +7 (7172) 72 01 11** (түнгі және демалыс күндері).



ШҰҒЫЛ ЖЕЛІ НӨМІРІ ПОЛИЦИЯ НӨМІРІ
11616 102
КЕЗЕКШІ ДИПЛОМАТ
+7(7172)72 01 11



АДАМ САУДАСЫ ЖӘНЕ ЖАСТАР



БҰҰ Палермо хаттамасына сәйкес «Адам саудасы» қорқыту немесе күш қолдану немесе мәжбүрлеудің басқа түрлері, кісі ұрлау, алаяқтық, алдау, билікті асыра пайдалану немесе жағдайдың әлсіздігін пайдалану не болмаса басқа адамды бақылайтын адамның келісімін алу үшін оған ақша төлеу немесе пайда түсіру түріндегі пара беру арқылы эксплуатация мақсатында жүзеге асырылатын адамдарды тартуды, тасымалдауды, табыстауды, жасыруды білдіреді. Эксплуатация соның ішінде басқа тұлғалардың жезөкшелік эксплуатациясын немесе жыныстық эксплуатацияның басқа да түрлерін, зорлық немесе мәжбүрлі еңбекті немесе қызметтерді, құлдықты немесе құлдыққа ұқсас дәстүрлерді, еріксіз күйді және органдардың алынып тасталуын қамтиды.

ЖҰМЫС ТУРАЛЫ АЛДАУДЫ ҚАЛАЙ АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ

- «Жаңа достар», «пысық жігіттер немесе қыздар» көп жағдайда «шынайы өмір» кейіпкерлерінің бейнесі болып табылады — бұл әдемі машиналары мен әшекейлері бар бай адамдар, олар мейрамханаларға, барларға, түнгі клубтарға жиі барады. Жұмысқа тартылғандардың көпшілігі олармен дос болып, олар сияқты өмір сүргісі келеді. Олардың ұсынып отырған нәрсесі осы;
- Қиын жағдайға тап болған достарына көмектесуді немесе өмір сүру жағдайларын жақсартуды ұсынатын «жақсы ескі достары» немесе туыстары;
- «Таныс жігіттер» — (адам саудасымен айналысатын тұлғаны ақы төлеп жалдаған) жас қызбен танысып, оны бірнеше рет кездесуге шақырады, кішігірім сыйлықтар жасайды, содан кейін жақсы ақы төленетін шетелдегі жұмысты немесе саяхаттауды ұсынады.



АДАМ САУДАСЫМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ТҰЛҒАЛАР ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ:

Адам саудасымен айналысатын тұлғалар тасымалдауға және тұруға кететін барлық шығындарды төлеп, қажетті құжаттарды рәсімдейді. Қарыз осылайша жиналады. Құрбандар жоғары жалақы ала бастағаннан кейін қарызды төлеуі тиіс.

Бұл жерге келгеннен кейін белгілі бір себептермен ұсынылған жұмысқа орналасуға мүмкін болмайтындығы анықталады (себеп ретінде кешігіп келу немесе бұл вакансияға басқа адамның қабылдануы көрсетіледі).

Құрбанның адам саудасымен айналысатын тұлғалар алдындағы қарызы өседі, себебі олар құрбандарға сол жерде тегін өмір сүруді жалғастыруды және жұмыс тапқан кезде қарызын төлеуді ұсынады.

Біраз уақыттан кейін адам саудасымен айналысатын тұлғалар құрбанға қысым көрсетіп, қарызды төлеуді талап ете бастайды. Егер адам саудасының құрбаны қарызын төлемесе, белгілі бір мерзім белгіленіп, содан кейін қарыз айтарлықтай өседі.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін адам саудасының құрбанына көмектесу үшін оған басқа жұмыс ұсынылады.

Нәтижесінде адам саудасының құрбаны өз еркімен келісуге және қылмыскерлердің ұсынысын қабылдауға мәжбүр, өйткені ол эксплуатация және әлеуметтік оқшаулау жағдайында қарызды төлеудің басқа мүмкіндігін көрмейді.

Әдетте, адам саудасымен айналысатын тұлғалар физикалық зорлық-зомбылықтан басқа, өз құрбандарына психикалық қысым жасайды.

ЖАСТАРДЫ АДАМ САУДАСЫНА ТАРТУДЫҢ КЕҢ ТАРАЛҒАН ТӘСІЛДЕРІ:

- ☒ жұмыс ұсынатын заңсыз делдал фирмалар;
- ☒ газеттерде және интернетте орналастырылған оқу және жұмыс істеу мүмкіндігін ұсынатын хабарландырулар;
- ☒ интернеттегі чат клубтарындағы ұсыныстар;
- ☒ жастармен алмасу бағдарламалары; модельдерге жұмыс ұсынатын агенттіктер;
- ☒ танысу бюролары;
- ☒ жеке байланыстар (достар, таныстар немесе тіпті туыстар).

СІЗДІ БАСҚА ҚАЛАҒА ШАҚЫРЫП, ЖОҒАРЫ ЖАЛАҚЫ АЛУҒА УӘДЕ ЕТІЛСЕ, ӨЗІҢІЗДІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ:

- ☒ интернеттен бұл фирма туралы ақпаратты тексеріңіз;
- ☒ ол туралы қалдырылған пікірлер іздеңіз;
- ☒ сенімді агенттіктердің қызметтерін ғана пайдаланыңыз;
- ☒ келісімшартты мұқият оқып шығыңыз;
- ☒ барлық байланыс телефондарын әрқашан жақындарыңызға қалдырыңыз.

